

**Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның қазіргі төрағасы,
Словения Республикасының сыртқы істер министрі Димитрий Рупельдің Қазақстан
Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 12 ақпандағы N 24-ө Өкімі
2005 жылғы 14-15 ақпанда Астана қаласында Еуропадағы қауіпсіздік пен
ынтымақтастық жөніндегі ұйымның қазіргі төрағасы, Словения Республикасының
сыртқы істер министрі Димитрий Рупельдің ресми сапарын (бұдан әрі - сапар)
дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз
е т у м а қ с а т ы н д а :

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:
сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын
қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

ресми делегация мүшелерінің 1+3 форматы бойынша қонақ үйде тұруына 2005
жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бюджеттік
бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 140204 (бір жүз қырық мың екі жүз
төрт) т еңг е с о м а с ы н д а қ а р а ж а т б ө л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы
Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық
қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) ресми делегация мүшелерінің әуежайдағы,
тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары
бойынша б і р г е ж ү р у д і қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген
т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық
жөніндегі ұйымның қазіргі төрағасының арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы
аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан
ұ ш ы п ш ы ғ у ы н ;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның
тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

5. Астана қаласының әкімі ресми делегацияны қарсы алу және шығарып салу, Астана қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру, мәдени бағдарлама ұйымдастыру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

6. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК